

Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысының хаттамасы

Күні: 2025 жылғы 10 қыркүйек

Өткізілген орны: №_5 физика кабинеті

Қатысқандар: мектеп директоры – Садвокасова Г.А, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Хамитова А.К, педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: Жумабекова Н.К. Айланыш А. Искакова Б.М. Боканова А.С. Жасарова Т.Т. Жусупова К.К.

Хатшы: Шамуратова И.Г.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық этика негіздері: анықтамалар мен принциптер
2. Мұғалімнің кәсіби имиджі: сырт келбет және мінез-құлық мәдениеті
3. Педагогикалық этика нормаларын сақтау: мысалдар мен тәжірибе

1-мәселе. Педагогикалық этика негіздері: анықтамалар мен принциптер

Баяндамашы: педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы: Садвокасова Г.А.

Баяндамашы педагогикалық этиканың мәнін ашып көрсетті. Педагогикалық этика – мұғалімнің кәсіби қызметіндегі адамгершілік, ізгілік және әділдік қағидаларын айқындайтын моральдық нормалар жиынтығы екені атап өтілді.

Этикалық қағидалар мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана, мұғалім мен әріптес арасындағы өзара сыйластық пен сенімге негізделуі қажет. Педагогикалық қызметтің басты мақсаты – жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқушының жеке басын құрметтеу және оның ар-намысын қорғау.

Педагогикалық этиканың негізгі принциптері төмендегідей атап өтілді:

- Адамгершілік және әділдік қағидасы;
- Кәсіби адалдық пен жауапкершілік;
- Педагогтың беделін сақтау;
- Сенім мен өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру;

Шешім:

1. Мұғалімдерге педагогикалық этиканың негізгі қағидаларын күнделікті тәжірибеде басшылыққа алу ұсынылсын.
2. Пән бірлестіктерінде осы тақырып бойынша қосымша пікірталастар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылсын.

2-мәселе. Мұғалімнің кәсіби имиджі: сырт келбет және мінез-құлық мәдениеті

Баяндамашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Хамитова А.К.

Баяндамашы мұғалімнің кәсіби имиджі – оның сырт келбеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас стилі мен мінез-құлық әдебінен көрінетінін атап өтті.

Мұғалім – оқушылар мен ата-аналар алдында үлгі тұтар тұлға болғандықтан, оның киім киісі жинақы, сыпайы және кәсіби ортаға сай болуы тиіс. Сонымен қатар, педагог әрқашан сәлемдесуді, сабырлы сөйлеуді, дауыс ырғағын сақтауды, ашу мен негативті эмоцияларды көрсетпеуді үйренуі қажет.

Тәжірибеден мысалдар келтірілді:

- Оқушылармен дөрекі сөйлесу, артық дауыс көтеру – педагогикалық этикаға қайшы;
- Ата-анамен қарым-қатынаста сабыр мен дипломатиялық тәсілдерді қолдану – мұғалім имиджін арттырады;
- Әріптестер арасындағы өзара қолдау мен сыпайылық ұжымдық мәдениетті нығайтады.

Шешім:

1. Мұғалімдердің кәсіби имиджін жетілдіру мақсатында семинар-тренинг өткізу.

3-мәселе. Педагогикалық этика нормаларын сақтау: мысалдар мен тәжірибе

Баяндамашы: педагог-психолог: Жусупова К.К.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – мектеп ұжымының ахуалына, оқушылардың эмоционалды жай-күйіне тікелей әсер етеді. Мұғалімдер өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, этикалық тұрғыда дұрыс шешім қабылдаудың маңызын атап өтті.

Шешім:

1. Мұғалімдер тарапынан этикалық нормалардың сақталуын бақылау мақсатында әдеп кеңесі тоқсан сайын отырыс өткізсін.
2. Педагогикалық этиканы бұзу фактілері анықталған жағдайда, түсіндіру және алдын алу шаралары қолданылсын.

Қорытынды:

Отырыс барысында педагогикалық этиканың мәні мен принциптері, мұғалім имиджі мен кәсіби мәдениетінің маңызы кеңінен талқыланды. Кеңес мүшелері мұғалімдердің әдеп нормаларын сақтауын бақылау және ұжымда сыйластық атмосферасын қалыптастыру жөнінде бірауыздан келісімге келді.

Келесі отырыстың тақырыбы: «Оқушылармен және ата-аналармен тиімді коммуникация орнату жолдары».

Хатшы: Шамыр

Төрайым: Жауф